



Санкт-Петербургте 24 сағат

24 hours in Saint Petersburg 24 часа в Санкт-Петербурге

мәтіні Алина Краснова
фото Shutterstock

Санкт-Петербургке бірінші рет келсеңіздер және қаланың тыныс-тіршілігімен танысуға шамалы ғана уақыттарыңыз болса, **tengri** журналының шағын гиді Ресейдің солтүстік астанасында 24 сағатты қалай дұрыс пайдалану керек екенін баяндап береді.

text Alina Krasnova
photo Shutterstock

Have you ever been to St Petersburg? If you are visiting for the first time and don't have long, then **tengri's** mini guide will help you decide how to spend 24 hours in the wonderful northern capital of Russia.

текст Алина Краснова
фото Shutterstock

Вы впервые в Санкт-Петербурге и у вас есть немного времени, чтобы погрузиться в атмосферу города? Мини-гид **tengri** расскажет вам, как провести 24 часа в северной столице России.



9.30

Питердегі Мәскеу

Петербургтіктер мен мәскеуліктердің жасырын бәсекесі туралы жұрттың көпшілігі хабардар. Петербург тұрғындары кешірсін, бірақ біз Солтүстік Пальмирадағы күндеріңізді өзінің шолу террасасымен атағы шыққан «Москва» ресторанынан бастауға кеңес береміз. «Москва» Ginza ресторандар тізбегінің құрамына кіреді, демек, сіздерге мол ас мәзірі мен керемет дәмді тағамдар ұсынылады. Дәмді таңғы асқа дайындалыңыздар және Санкт-Петербургтің жайбарақат тыныс-тіршілігіне үңілуге тырысыңыздар, өйткені қала өмірі бірқалыпты ырғақпен жүреді.

Moscow in St Petersburg

You might have heard about the unspoken competition between the residents of St Petersburg and Moscow. So we hope St Petersburg will forgive us if we suggest starting the day in the Northern Palmyra, a restaurant from Moscow with a famous observation deck. Part of the Ginza restaurant chain, you will be guaranteed an extensive menu and great cooking. Enjoy a delicious breakfast and prepare to slip into the unhurried pace of life that St Petersburg is renowned for.

Москва в Питере

О негласном противостоянии петербуржцев и москвичей слышаны многие. И да простят нас жители Петербурга, но начать свой день в Северной Пальмире мы рекомендуем в ресторане «Москва», который славится своей видовой террасой. «Москва» входит в ресторанный цепочку Ginza, а это значит, что обширное меню и великолепная кухня вам гарантированы. Приготовьтесь к вкусному завтраку и постарайтесь проникнуться неторопливой атмосферой Санкт-Петербурга, ведь жизнь здесь течет размеренно и плавно.



10.30

Нева даңғылы

Нева даңғылы — сіра, Петербургтегі ең әйгілі көше болса керек. Нева даңғылымен сезім әсеріне бөленіп, бәріне байыппен зер салып, жаңа қайнатылған кофенің хош иісіне рақаттанып және бір-біріне тығыз жанастырылған таңдаулы қасбеттерге сүйсіне қарап қойып қыдыру керек. Егер сәті түсіп, аркалардың бірі ашық болса, онда міндетті түрде аулаға көз салыңыздар. Ауладан сіздер сарайлардың жарқыраған сән-салтанатынсыз және бекзаттардың жер иелігінсіз, қарапайым қалалықтардың көздері үйренген нағыз Питерді көресіздер.

Nevsky Prospect

Take a gentle stroll down Nevsky Prospect, probably the most famous street in St Petersburg. Enjoy the aroma of fresh coffee as you take in the delightful facades. If you spot an unlocked entrance through an archway take the chance to peek inside; this is where you will see the real St Petersburg, not the city of ostentatious palaces and aristocratic estates, but the city as the ordinary citizens used to know it.

Невский проспект

Невский проспект — это, наверное, самая известная улица Петербурга. По Невскому нужно прогуливаться с чувством, с толком, с расстановкой, наслаждаясь ароматами свежесваренного кофе и восхищенно разглядывая изысканные фасады, вплотную примыкающие друг к другу. Если вам повезет и одна из арок окажется открытой, обязательно загляните во двор. Здесь вы сможете увидеть настоящий Питер: без ослепительной роскоши дворцов и аристократических имений, такой, каким его привыкли видеть обычные горожане.



11.00

Па шіркін, сайрандаймын!

Фонтанкаға жақындап келгенде, қарсы жаққа өтуге асықпаңыздар. Алдымен Аничков көпіріндегі ат үйретушілердің қола мүсіндерін тамашалаңыздар және міндетті түрде арнаның тұсында суретке түсіңіздер. Содан кейін шағын кемелердің біріне мініп, өзендермен және арналармен серуен құрыңыздар. Барлық мүмкін болатын экскурсиялар туралы сіздерді Фонтанкаға жақындаған сайын сандары арта түсетін шақырушылар хабардар етеді. Мұнда су саяхаттарының қысқа 30 минуттық серуеннен бастап екі сағаттық толыққанды экскурсияға дейінгі түрлерін ұсынады. Әр кемеді жолда кездесетін барлық көз тартатын орындар туралы баяндап беретін гид бар.

Let's go for a ride

As you approach Fontanka River, don't rush to cross it. First pause to admire the bronze horse tamers on Anichkov Bridge, and the view of the canal from here makes a great backdrop for a photograph. Then take one of the numerous boat tours to explore the rivers and canals. You will see many on offer as you approach the Fontanka River, with excursions lasting from 30 minutes to two hours. Guides will tell you the history of every point of interest that you pass.

Эх, прокачу!

Подходя к Фонтанке, не спешите переходить на другую сторону. Сначала полюбуитесь на бронзовых укротителей коней на Аничковом мосту и обязательно сфотографируйтесь на фоне канала. Потом можно отправиться на прогулку по рекам и каналам на одном из катеров. Обо всех возможных экскурсиях вас оповестят многочисленные зазывалы, количество которых по мере приближения к Фонтанке будет увеличиваться. Здесь предлагаются самые разнообразные варианты водных путешествий — от короткой 30-минутной прогулки до полноценной двухчасовой экскурсии. На каждом судне есть гид, который расскажет обо всех достопримечательностях, встречающихся на вашем пути.



12.00

Томпақ күлшелер

Петербургтің томпақ күлшелері әлдеқашан әлемге танылған. Солардың дәмін татуға Керуен сарайына барыңыздар. Ол үшін Нева даңғылынан Садовая көшесінің бойымен шамалы солға бұрылуға тура келеді. Ең бастысы, жаңылмау керек, өйткені томпақ күлше сататын дәмхананың маңдайшасында көрнекі жазу жоқ. Оның есігіне үлкен томпақ күлшенің суреті ғана ілінген. Мұнда шағын кезекке тап болуларыңыз әбден мүмкін, себебі Петербург тұрғындары томпақ күлшені өте жақсы көреді. Классикалық нұсқада оларға міндетті түрде қант ұнтағын себеді және ыстық шоколадпен немесе кофемен бірге береді.

Doughnuts

St Petersburg has long been famous for its doughnuts, and a good place to find them is at Café Pyshechnaya by the Gostiny Dvor (shopping mall). Take a left turn off Nevsky Prospect at Sadovaya Street. Take care not to miss the shop; it doesn't have a brightly illuminated sign, but it does have a huge doughnut hanging on its door. You are likely to find a queue here as the local residents love their doughnuts. Enjoy them in the traditional way, with a dusting of icing sugar and served with hot chocolate or coffee.

Пышки

Петербургские пышки давно нискали себе мировую славу. Пробовать их отправляйтесь в Гостиный двор. Для этого придется немного свернуть с Невского налево по Садовой улице. Главное, не промахнуться, потому что у этой пышечной нет яркой вывески. На ее двери просто висит здоровенная пышка. Скорее всего, перед вами уже будет небольшая очередь, ведь жители Петербурга очень любят и уважают пышки. В классическом варианте их непременно посыпают сахарной пудрой и подают с горячим шоколадом или кофе.



12.30

Жаяу серуен

Нева даңғылына қайта ораламыз. Керуен сарайдың тұсындағы жолдан өтеміз де, бүгінгі заманғы кескіндемешілердің картиналары қойылған шағын алаңға тап боламыз. Оның қасында солтүстік модерн стилінде салынған Александриялық әулие Еккатеринаның базиликасы бар. Ары қарай жүреміз де, Грибоедов атындағы арнаға жетеміз. Арнаның қарсы бетіне «Зингер» компаниясының үйі орналасқан, ол қазіргі заманғы жастарға Павел Дуровтың кеңсесі ретінде көбірек белгілі: «ВКонтакте» әлеуметтік желісінің негізін қалаушы ұзақ жылдар бойы дәл осы кеңседе жұмыс істеген. Жолдың арғы бетінде керемет Қазан соборы бар.

Go for a walk

Return to Nevsky Prospect and continue past the Gostiny Dvor, then cross the street and you will find yourself in a small square where contemporary paintings are exhibited. Nearby is the Basilica of St Catherine of Alexandria, built in the 'northern modern' style. If you walk on you will find yourself at the Griboyedov Canal. On the far bank is Singer House, now best known as the office of Pavel Durov, the founder of the VKontakte social media platform. Across the street from here is Kazan Cathedral.

Пешая прогулка

Возвращаемся на Невский. Минуя Гостиный двор, переходим дорогу и оказываемся на небольшой площади, где выставляют картины современные городские живописцы. Рядом расположена базилика святой Екатерины Александрийской, построенная в стиле северный модерн. Идем дальше — и вот мы уже на канале Грибоедова.

На другой стороне канала находится дом компании «Зингер», более известный современной молодежи как офис Павла Дурова: именно здесь долгое время работал основатель социальной сети «ВКонтакте». Через дорогу расположен прекрасный Казанский собор.

БІЛУ КЕРЕК...

көпірлерді ажыратудың кестесін, әйтпесе қарсы жақта таң атқанша тұрып қаласыздар.

YOU SHOULD KNOW...

The bridging timetable, otherwise you could get stuck on the wrong side of the river until the next morning.

НУЖНО ЗНАТЬ...

расписание разводки мостов, иначе можно до утра застрять не на своей стороне.



13.30

Бәрі біздікі

Саяхаттың келесі орны — жағалауына «Әдеби кафе» орналасқан Мойка өзені. Ол, ең алдымен, Дантеспен дуэльге түсердің алдында Пушкиннің осында кіріп шыққанымен есте қалады. Сол заманнан бері «Әдеби кафенің» интерьері мүлде өзгермеген сияқты әсер қалдырады: ауыр портьералар, шомбал шамдалдар, жып-жылтыр қара рояль. Бұл жер «а-ля Петербург» стилінде түскі тамақ ішу үшін барынша лайық болады. Александр Сергеевичтің қай үстелдің басында отырғанды ұнататынын даяшыдан қалай да сұрап біліңіздер. Оны сіздерге шын ықыласпен көрсетеді және, бәлкім, сол үстелден ас ішуді ұсынуы да бек мүмкін.

A literary lunch

The next destination point is the Literary Café on the Moika River Embankment. This is where Pushkin came before his duel with D'Anthes. It feels as though the interior of the Literary Café has not changed since then, with its heavy curtains, massive candleholders and black polished grand piano. This place is the best for lunch 'à la St Petersburg'. Ask your waiter which was Alexander Sergeevich's favourite table. They will point it out with pleasure and you will probably be seated there for your lunch.

Наше всё

Следующий пункт путешествия — река Мойка, на набережной которой находится Литературное кафе. Примечательно оно в первую очередь тем, что именно сюда заходил Пушкин накануне дуэли с Дантесом. Создается впечатление, что с тех пор интерьер Литературного кафе совершенно не изменился: тяжелые портьеры, массивные подсвечники, черный полированный рояль. Это место как нельзя лучше подходит для обеда в стиле «а-ля Петербург». Обязательно поинтересуйтесь у официанта, за каким столиком любил сидеть Александр Сергеевич. Вам его с удовольствием покажут и, возможно, даже предложат за ним отобедать.



15.00

Сарай алаңы

Сарай алаңын барлық айбынымен көру үшін оған Бас штаб аркасы арқылы кірген дұрыс. Сіздер ғажайып сұлу көріністі тамашалайсыздар: табиғи қырлы тастар төселген орасан үлкен алаңның ортасында алып Александр бағанасы — Ресей империясының Наполеонмен соғыстағы жеңісін бейнелейтін монумент зорайып тұр. Сарай алаңында Қысқы сарай да бар. Қазір онда Мемлекеттік Эрмитаж мұражайы орналасқан, бірақ біз оған бүгін бармаймыз: өйткені ондағы өнер жауһарларын тамашалап, ләззат алу үшін тұтас бір апта уақыт та жеткіліксіз болады.

Palace Square

In order to appreciate the full beauty of Palace Square you should enter through the arch of the General Staff Building. It is an amazing sight; soaring up from the centre of a huge paved square is the Alexander Column, symbolising the victory of the Russian Empire in the war against Napoleon. You will also see the Winter Palace, which houses the State Hermitage Museum, but we are not going to visit it today; a week is not enough to appreciate all the masterpieces exhibited there.

Дворцовая площадь

Чтобы увидеть Дворцовую площадь во всей красе, туда лучше входить через арку Главного штаба. Вашим глазам предстанет зрелище удивительной красоты: посреди огромной, выложенной брусчаткой площади высится огромная Александровская колонна — монумент, символизирующий победу Российской империи в войне с Наполеоном. Здесь же на Дворцовой площади находится Зимний дворец. Сейчас в его стенах расположен Государственный музей Эрмитаж, но сегодня мы туда не пойдём: чтобы насладиться выставленными здесь шедеврами, не хватит и целой недели.




Miele. Заботимся о том, что вам по-настоящему дорого.

Позвольте нам воплотить в жизнь ваше представление о совершенстве

Первая дизайнерская линия ArtLine* от Miele представляет собой новое поколение встраиваемой техники для кухни. Простая элегантность фронтальных поверхностей без ручек задаёт новые стандарты в оформлении интерьеров – благодаря новым эксклюзивным технологиям. Откройте для себя новый дизайн техники для кухни – с панелями без ручек.

* АртЛайн

** Всё лучше и лучше



16.00

Бұрынғы даңқты орындар

Эрмитаждың орнына біз сіздерге Неваның қарсы бетіне өтуді ұсынамыз, онда бір кездері Петербургтің тарихы басталған Петропавл қамалы орналасқан. Бастапқыда қамал Петербургті дұшпандардың шабуылынан қорғауға арналған еді. XIX ғасырда мұнда Шақа сарайы болды, ал қамалдың бастауында саяси тұтқындарға арналған түрме казематтары ретінде пайдалана бастады, оларда әр кездері ханзада Алексей, князь қызы Тараканова, жазушы Радищев және әйгілі декабристер отырды. Қазір Петропавл қамалының аумағында бірнеше мұражай орналасқан, ұдайы көрмелер мен экспозициялар өтіп тұрады.

In the footsteps of past glory

Instead of the Hermitage we suggest you cross to the far bank of the Neva river where the Peter and Paul Fortress is located and where the history of St Petersburg began. The fortress was originally intended to defend the city from enemy attacks; in the 19th century the mint was located here and along the fortress ramparts were cells used for political prisoners, which in their time housed Tzarevich Alexei, Princess Tarakanova, the writer Radishchev and the notorious Decembrists. Now the grounds of the fortress are home to museums with regular exhibitions.

По местам былой славы

Мы предлагаем вам перейти на другую сторону Невы, где находится Петропавловская крепость, когда-то здесь началась история Петербурга. Изначально крепость предназначалась для защиты Петербурга от нападения врагов. В XIX веке здесь находился Монетный двор, а бастионы крепости стали использовать в качестве тюремных казематов для политических заключенных, в которых в разное время содержались царевич Алексей, княжна Тараканова, писатель Радищев и печально известные декабристы. Сейчас на территории Петропавловской крепости находятся несколько музеев, регулярно проходят выставки и экспозиции.



**ДӘМІН ТАТПАЙ;
КЕТПЕҢІЗДЕР...**
Неліктен екені белгісіз, балғын қиярдың ісі аңқыған ұсақ балық — корюшканың және, әрине, томпақ күлшенің.

**DON'T LEAVE
WITHOUT TRYING...**
The small fish called smelt, that somehow smells of fresh cucumbers and, of course, the local doughnuts.

**НЕ УЕЗЖАЙТЕ,
НЕ ПОПРОБОВАВ...**
Корюшку, которая почему-то пахнет свежими огурцами, и, конечно же, пышки.



18.00

Табиғатта дамылдау

Біздің Петербургпен таныстығымыз аттас сарай орналасқан Елагин аралында жалғасады, ол — сұлулығы жағынан қаланың әйгілі сарайларынан бірде-бір кем түспейтін Мария Федоровна патшайымның жазғы резиденциясы. Аралда сондай-ақ Мәдениет және демалыс паркі ресми орналасқан. Алайда онда бірде-бір карусель жоқ, бұл парк — қиялға шомып, демалуға арналған орын. Парк шаршаған жолаушыларды жасыл шөптерімен және ағаштарымен, тоғандар мен арналардың су айдындарымен қарсы алады. Елагин аралы — өз ойларыңмен болып, уақытты оңаша өткізу және қоршаған ортаның жарасымды үйлесімінен ләззат алу үшін сондай бір керемет орын.

Let nature recharge you

Return to St Petersburg via Yelagin Island, where a palace of the same name is located. This was the summer residence of Empress Maria Feodorovna and is as beautiful as any of the more famous palaces in the city. It is now home to the Central Park of Culture and Leisure. You won't find carousels here, this park is intended for quiet and contemplative relaxation. It greets tired travellers with green grass and trees, reflected in the surface of ponds and canals. Yelagin Island is the perfect place to spend some time alone with your thoughts, in harmony with your surroundings.

Перезагрузка на природе

Наше знакомство с Петербургом продолжится на Елагинском острове, где расположен одноименный дворец — летняя резиденция императрицы Марии Федоровны, ничуть не уступающая красотой более известным дворцам города. Также на этом острове официально находится парк культуры и отдыха. Однако здесь нет ни одной карусели — он предназначен для созерцательного отдыха, встречает усталых путников зеленью травы и деревьев, водной гладью прудов и каналов. Елагин остров — отличное место для того, чтобы провести время наедине со своими мыслями и насладиться гармонией с окружающим миром.



**ЧЕТВЕРТЬ ВЕКА
ПОД ЗНАКОМ УСПЕХА**

25

**Ж Ы Л ШЕЛЛ ҚАЗАҚСТАН
1993-2018**





20.00

Петербургтің неміс тамырлары

Санкт-Петербургте Петр I өзінің тәлімгерлеріне деген сүйіспеншілігін қастерлеп сақтаған орын — «Карл мен Фридрих» рестораны бар. Жайлы жасыл террасаға қойылған көлемді де ауыр ағаш жиһаздың айналасында түпнұсқаға сайма-сай киімдер киген даяшылар епті қимылдарымен шұжықтарды, тұздалған көкөністерді және, әрине, көбікті сусын құйылған үлкен кружаларды тасып, ерсілік-қарсылы желіп жүреді. Әр кеш сайын әдетте ресторанды ерекше сән беретін музыкалық топтар өнер көрсетеді.

German roots in St Petersburg

The Karl and Friedrich restaurant is named in memory of the two young German brewers invited to the city by Peter the Great. In the decked area outside, waiters in traditional uniforms scurry between massive wooden tables, skillfully carrying sausages, local delicacies and of course, large mugs of a foamy beverage. Most evenings, live music adds to the special atmosphere.

Немецкие корни Петербурга

Есть в Санкт-Петербурге место, свято хранящее память о любви Петра I к своим немецким наставникам, — ресторан «Карл и Фридрих». Уютная зеленая терраса обставлена массивной деревянной мебелью, вокруг снуют официанты в аутентичных нарядах, ловко разнося колбаски, разносолы и, конечно же, большие кружки с пенным напитком. По вечерам здесь обычно выступают музыкальные команды, что придает атмосфере ресторана особую пикантность.

ӨЗДЕРІЗБЕН...
кенеттен жаууы мүмкін, бірақ арқашан күтілетін жаңбырдан сақтану үшін қолшатыр, су өткізбейтін жамылғы және аяқ киім алыңыздар.

TAKE WITH YOU...
An umbrella, raincoat and waterproof shoes in case of a sudden but not unexpected rain shower.

ВОЗЬМИТЕ С СОБОЙ...
зонт, дождевик и непромокаемую обувь на случай внезапного, но всегда ожидаемого дождя.



21.30

Клубтық марафон

Крестовский аралы Оңтүстік жолда Санкт-Петербургтің ең үздік түнгі клубтары мен ресторандарының орналасуымен танымал болған. Солардың кейбіреулеріне үлгеру үшін түнгі 11-12-де емес, одан екі-үш сағат бұрын келу керек. Жазда мұнда Питердің ең сұлу адамдары түкпір-түкпірден жиналады: таң атқанша алаңсыз сауық-сайран құру үшін етегі қысқа сәнді көйлектер киген, балтырлары әсем қыздар мен келісті ер адамдар ағылып келеді. Таң ата мұнда барлығы енді басталады, өйткені жаз айларында түнгі сағат үште жарық болады. Иә, бұл Питер ғой, бауырым!

Club marathon

Krestovsky Island is famous for its night clubs and restaurants, found along the South Road. To get a chance to try a few places, arrive between 21:00 and 22:00. In the summer you can watch the beautiful people of St Petersburg flocking here to party, coming from all over the city to have fun until the early hours. The party will be getting into its stride as the sun comes up, which in the summer here is at 03:00. Welcome to St Petersburg!

Клубный марафон

Крестовский остров известен и тем, что здесь, на Южной дороге, находятся лучшие ночные клубы и рестораны Санкт-Петербурга. Чтобы успеть посетить хотя бы часть из них, нужно начинать не в 11–12 ночи, а на пару часов раньше. Летом здесь можно видеть самых красивых людей Питера: длинноногие девушки в коктейльных платьях и импозантные мужчины, которые стекаются со всех концов города, чтобы предаться безудержному веселью до самого утра. С рассветом здесь все только начинается, ведь летом светает уже в три часа ночи. Да, это Питер, детка!

МЕКЕН-ЖАЙЛАРЫ

«Москва» рестораны, Нева д-лы, 114
Томпақ күлше дәмханасы, Керуен сарай, Нева д-лы, 35, кіру Садовая көшесі жағынан
Әдеби кафе, Нева д-лы, 18
Орталық мәдениет және демалыс паркі, Елагин аралы, 4, лит. Б
«Карл мен Фридрих» рестораны, Оңтүстік жол, 15

ADDRESSES

Moscow Restaurant: 114 Nevsky Ave.
Café Pyshechnaya: Gostiny Dvor, 35 Nevsky Ave, entrance at Sadovaya Street
Literary Café: 18 Nevsky Ave.
Central Park of Culture and Recreation: 4 Yelagin Island, lit. B
Karl&Friedrich Restaurant: 15 South Road

АДРЕСА

Ресторан «Москва», Невский пр., 114
Пышечная, Гостиный двор, Невский пр., 35, вход со стороны ул. Садовой
Литературное кафе, Невский пр., 18
ЦПКИО, Елагин остров, 4, лит. Б
Ресторан «Карл и Фридрих», Южная дорога, 15

Қалай жетуге болады

«Эйр Астананың» Алматы – Санкт-Петербург тұрақты рейсі аптасына 7 рет, 1 шілдеден бастап аптасына 10 рет орындалады. Қосымша ақпарат алу үшін біздің airastana.com ресми сайтымызға кіріңіздер немесе +7 (727) 244-44-77 телефоны арқылы ақпараттық орталыққа хабарласыңыздар.

Getting there

Air Astana operates daily flights between Almaty and St Petersburg, which will increase to 10 times per week on 1 July. For more information visit airastana.com or contact the call centre on +7 (727) 244-44-77.

Как добраться

Регулярный рейс «Эйр Астаны» Алматы – Санкт-Петербург выполняется 7 раз в неделю, с 1 июля — 10 рейсов в неделю. Для получения дополнительной информации посетите наш официальный сайт airastana.com или свяжитесь с информационным центром по телефону +7 (727) 244-44-77.

*Металмен жұмыс істеу өнері
Искусство работать с металлом*

Астана

ул. Жетіген, здание 11
+7 (7172) 53-20-62, 53-20-64
+7-701-098-67-12, +7-701-098-67-13
e-mail: astana@sd-astana.kz



www.sd-astana.kz